



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Алматы қаласы Білім басқармасының
«Алматы көпсалалы колледжі» КМҚК



Ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін құрудағы Тұңғыш Президенттің рөлі

Орындаған:

«Автослесарь» мамандығының 2 курс
студенті **Пірназаров Нұржігіт**

Ғылыми жетекшісі:

Аясханова К.Н.
тарих пәні оқытушысы

Алматы, 2019



1-желтоқсан
Тұңғыш президент күні



Қазақстан.

Құшағы ыстық, құлашы кең байтақ өлке.


130-дан астам ұлт өкілінің бір атаның баласындай ырыс пен ынтымақта өмір сүріп келе жатқандығы бұл сөзімізге айғақ.

Осыншама ұлт пен ұлыстың өкілі бірге тұрып, бірге жасап, бір мақсатқа жұмылып өмір сүріп келе жатқандығы Елбасымыздың дана саясатының нәтижесі болса керек. Алматының өзінде ғана 30-дан астам түрлі ұлттардың мәдени орталықтары бар.



Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев **1992 жылы** Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет айтқан болатын. Бірақ үш жылдан соң, яғни **1995 жылғы 1 наурызда** Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты.


Оның мәртебесін алғашында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен еді. Өз тарихында ассамблея аталған мәртебеден мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті.



2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді, бұдан кейінгі жылдардан бастап Қазақстан халқы ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, соның нәтижесінде ассамблея ҚР Парламенті Мәжілісіне мемлекетқұрушы ұлт қазақтың өзін қосқанда тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты.



2008 жылғы 20 қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Басында тек руханият, тіл және мәдениет саласындағы іс-шаралармен ғана шектеліп қалуға тиіс ассамблея қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері айқындалып, саяси өмірге де араласуға бет алды.



Ассамблеяның ...




Мақсаты - Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени саласын одан әрі дамытуға, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.



Міндеті – қоғамда диаспорааралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту.



Басқарудағы ерекшелігі – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті бұл органды өмір бойы басқару құқығына ие. Яғни «Құрметті төраға» мәртебесін алған.



Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастырған жобалары:

2017 ЖЫЛ

"Тарихтан тағылым - өткенге тағзым"
халықаралық форумының жинағы

2016 ЖЫЛ

ҚХА жанындағы Аналар кеңесі
«Қазақстан кәсіпкерлер
қауымдастығы»

2018 ЖЫЛ

«Қазақтану» мәдени-ағартушылық
жобасы

2015 ЖЫЛ

Қазақстан халқы ассамблеясының
20 жылдығы аясында ұйымдастырылған
шаралар

2019 ЖЫЛ

«Сарқыт», «Сыбаға», «Шашу»,
«Асар», «Қамқор» жобалары

2015 жыл – Ассамблея жылы


2015 жыл Елбасының Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды.

2015 жылғы 23 сәуірде Бейбітшілік және келісім сарайында ҚХА XXII сессиясы өтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алға 7 жаңа міндет қойды, Бұлар – бүкілқазақстандық мәдениетті дамыту, халық бірлігін ортақ рухани-моральдық құндылықтар негізінде нығайту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, мемлекеттік тілді және үштілді білім беруді одан әрі дамыту, транспарентті мемлекеттегі қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету, этносаралық қатынастарды саясиландыруға жол бермеу, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы серіктестермен мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту жұмыстары.



«Сіздің еліңіз егеменді, тұрақты және өркендеген мемлекет ретінде өзінің дамуында маңызды табыстарға қол жеткізді. Мен Қазақстанға Ауғанстандағы тұрақтылық пен қалпына келтіру ісіндегі ұстанымы үшін ризашылығымды білдіремін және мен Сіздің ұлтаралық және діни төзімділікті ілгерілету жөніндегі күш-жігеріңізді жоғары бағалаймын.»

Барак ОБАМА
АҚШ – тың экс-Президенті



1- мамыр Бірлік күні

Мамырдың алғашқы күні - айтулы мереке. Ол Елбасымыздың 1996 жылы қабылдаған Жарлығы бойынша жиырма алты жылдан бері тойланып келеді.



«Көктемгі 1 Мамыр мерекесі біздің елдегі этностарды бұрынғыдан да жақындастыра түсуі тиіс. Бұл біздің туған Қазақстанымыздағы 20 жылда құрған негізгі мерекеміз болады. Бірінші мамыр - бірліктің ерекше мерекесі. Сондықтан да, мамырда тұтас ай бойы жақындасудың барлық жаңа жолдарын байқап көру керек.»

Еліміздегі татулықтың үлгісі ретінде ...

Ақтаудағы 23-мектептің 4-сыныбы көпұлтты Қазақстанның көшірмесі саналады. Бұл сыныпта 12 ұлттың өкілі білім алады. 4 «Б» сыныбының оқушылары 12 тілде амандаса алады. Себебі мұнда қазақ, орыс, кәріс, армян, ингуш, татар сияқты 12 ұлттың баласы оқиды.

Бұл балалардың жүзі басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір, атасы басқа болса да, Отаны бір. Мектеп табалдырығын аттағалы 4 жылдың ішінде оқушылар бір-біріне бауыр басып, достасып үлгерді.

*Ақтауда бір сыныпта
12 ұлт өкілі білім алып жүр*





Ортақ ордамыз - Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік ұстап, түтінін түзу ұшыру - елдік мақсат. Сонда ғана Қазақстан «2050»

Стратегиясында айтылған үздік 30 елдің қатарынан табылады.

*Біздің Отанымыз - ортақ, тілегіміз - бір, мақсатымыз - жалғыз. Ол - жері гүлденген, елі түрленген, дамуы жедел, ұрпағы кемел **Мәңгілік Қазақстан!***

Елбасы Н.Ә. Назарбаев



Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік дәуірі.- Астана, 2017. – 508 б.
- 2) Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Орал: «Дастан», 1999.
- 3) Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 бет, суретті
- 4) Назарбаева Н.Ә. Сындарлы он жыл. Алматы: Атамұра, 2003. - 240 бет
- 5) Елбасының жыл сайынғы жолдаулары